


Семинар тренинг



«Мен сені түсінуге тырысамын...»



Мақсаты:

- ❖ *Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру;*
- ❖ *Баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қадағалауға ой салу;*
- ❖ *Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету;*



*«Қазіргі заман талабына сай, жан- жақты жетілген бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның барша елдің, халықтың міндеті»
(Н.Ә.Назарбаев)*

Балаға теріс әсер ететін жағдайлар:

- Жанұяда болатын жанжал,;
- Балаға үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы;
- Баланың көзінше басқа біреуді сөгуі;
- Біреудің сыртынан өсек айтуы;
- Балалардың көзінше арақ ішу, темекі тарту т.б.

Суицид

Суицид (латынша: Sui caedere - өзін өлтіру) – адамның өзіне - өзінің қиянат жасап, өз өмірін қиюы

*Суицидтік мінез-
құлықтың
үш типі:*

Анық

Күйзелістік жағдайдан соң,
өмірдің мәнін жоғалтып,
адам өзін ұзақ уақыт
өлімге дайындайды.

Жасырын

Адам өзін өлімге арнайы
дайындамайды. Тек
саналы түрде тәуекелге
бел буу күтпеген өлімге
алып келеді.

Демонстротивті

Басқалардың көзінше ашық түрде өлімге бет бұру.
Бір нәрсені дәлелдеу үшін біреуге ерегесу.

Суицидалдық әрекетке әсер етуші факторлар

Физикалық күй:
соматикалық аурулар,
физикалық азап көру,
ажарсыз кемтар болу

**Қоғамға қарсы конфликттің
туындауы:**
қылмыстық жауапкершіліктен
қорқу,
ұяттан, жазадан қорқу,
өзін-өзі кінәлау

**Кәсіптік және білім саласындағы
конфликтінің туындауы:**
жұмыстағы, оқудағы сәтсіздік,
жұмыстағы немесе оқудағы
әділетсіздіктің болуы

Психикалық күй:
Дені сау адамның реалды
конфликтіге
ұшырауы; патологиялық себептер
(психиканың бұзылуы)

**Материалды-тұрмыстық
қиыншылықтар**

Басқа да себептер

Жанұядағы конфликт:
Сүйікті адамынан айырылу, жоспарының орындалуына кедергі жасау, сүйікті
адамының
мінез-құлқын, қасиетін ұнатпау, жалғыз қалу, әділетсіз махаббат, басқалардың оған
жеткілікті көңіл бөлмеуі, туыстарының және қоршаған адамдардың әділетсіз болуы

Өзіне-өзі қол жұмсау шешіміне келген жасөспірімге тән белгілер

Сөзді белгілер

- Өзіне-өзі қол жұмсауға дайындалған адамдар, әдетте, өзінің жанының психикалық күйін айтады.
- Өлім туралы айтуы мүмкін:
"Мен әрі қарай өмір сүргім келмейді",
"Мен өзіме қол жұмсағым келеді".
"Мен ешкімге проблема болмаймын"
- Өзіне қол жұмсау тақырыбында көп әңгіме айтуы.
- Өлім сұрақтарына аса қызығушылық білдіру.

Жағдайлы белгілер

- Өлеуметтік оқшауланған болса;
- Тұрақсыз ортада тұруы, түсініксіз жағдайлар, ішімдік ішетін адамның болуы, үнемі ұрыс-керіс, жанұядағы тұрақсыздық;
- Зорлық зомбылықтың куәсі болу, өзін зорлаудың құрбаныретінде сезіну;
- Ауыр жағдайды бастан кешірген болса.

Мінез-қылықты белгілер

- Өзіне ыстық жеке заттарын тарату;
- Өзі араздасып жүрген адамдармен ымыраға келу;
- Тамаққа тәбетінің шамадан тыс артуы немесе күрт төмендеуі;
- Ұйқы уақытының өзгеруі;
- Киім киісіне мән бермеуі;
- Сабаққа себепсіз қатыспау;
- Әлсіздіктің, үмітсіздіктің, өмірден түңілудің белгілерін таныту;
- Сенімсіз, үрейлі белгілерді көрсету;

СУИЦИД ТӘСІЛДЕРІ

Дәрілік
препараттармен
улау

Тұрмыстық
химиямен улау

Тамырын кесу
және асылу

Жоғарыдан секіру,
транспорттың
алдына секіру

Спорттың
экстремальдық
қауіпті түрімен
айналысу

Қорытынды:

Қорыта келе балаға әрқашан назар аудару, түсінуге тырысу, мәселелерін шешуге көмектесу, өзіндік тәжірибемен бөлісу, ұрысу, жекіру орнына жиі мақтап мадақтап отыру, кешірімді болу, ал ең бастысы, бала қандай болса, солай қабылдау, сол қалпында жақсы көру, кемшілігін жасырып, артықшылығын асырып, оны жақсы көретіндікті сездірту бұл келеңсіз жағдайларды алдын алатын жолдардың бірі.

Психологиялық жаттығу «Бақытты отбасы»



Психологиялық жаттығу «Байлаулы бала»

- ❖ Сіз балаңызбен көл жағасына бардыңыз. Балаңыз суға қызыққаны соншалық суға қарай жүгіріп кетті. Сіз қалай тоқтатасыз? (аяғы байланады)
- ❖ Қарасаңыз балаңыз адамдардың тастап кеткен темекінің тұқылын жинап алып, сонымен ойнап отыр. Сіздің әрекетіңіз? (қолы байланады)
- ❖ Жұмыстан шаршап келсеңіз бала теледидардан атысшабыс, бір сөзбен айтқанда өз деңгейіне келмейтін кино көріп отыр. Сіздің әрекетіңіз? (көзі байланады)
- ❖ Балаңыз сізге басқа ұлттың қызын ұнатты. Бірақ сіздің қалауыңыз ол емес еді. Сіздің әрекетіңіз? (кеудесі байланады)
- ❖ Балаңыз досымен келіспей қалды да, жаман сөздермен сыбағасын берді. Сіздің айтар сөзіңіз? (аузы байланады)






Ата-анаға айтылар ұсыныс

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта.
Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.
Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі –
бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі
отбасының әсері мол.

«Баланы 5-ке дейін патшадай көтер,
15-ке дейін құлындай жұмса,
15-тен кейін досыңдай сыйла»

Халық нақылы





*Назарларыңызға
рахмет!*

